



БҰЙРЫҚ

« 15 » 12 2023 ж./г.
Қызылорда қаласы

ПРИКАЗ

№ 309-Ө
город Кызылорда

Уақытша басқарушыны тағайындау туралы

«Оңалту және банкроттық туралы» Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 07 наурыздағы Заңының 15-бабы 1-2) тармақшасына, Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 6 желтоқсан 2023 жылғы «Айдана» ЖШС қатысты банкроттық іс қозғау туралы ұйғарымына сәйкес және уәкілетті органда есепте тұрған тұлғалардан уақытша басқарушының кандидатурасын таңдау туралы Қызылорда қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасының 2023 жылғы 17 қарашадағы хаты негізінде, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Айдана» ЖШС БИН 980340003126 уақытша басқарушысы болып Жайлауова Гульмира Карловна тағайындалсын.
2. «Оңалту және банкроттық туралы» Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына сәйкес уақытша басқарушының міндеттемелерін орындау Жайлауова Гульмира Карловнаға жүктелсін.
3. Уақытша басқарушы Жайлауова Гульмира Карловна «Оңалту және банкроттық туралы» Қазақстан Республикасы Заңы талаптарының орындалуын қамтамасыз етсін.
4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау дәрменсіз борышкерлермен жұмыс басқармасына жүктелсін.
5. Осы бұйрық қол қойылған күннен бастап күшіне енеді.

Департамент басшысы

Г. Аманов